



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

территории обнаруживает самобытные черты: оно идет по аналогии со всеми тюркскими языками. Исследование тюркской топонимии региона дает неопровержимые факты, что древние топонимы в большинстве своем этимологизируются на основе древнетюркского и других тюркских языков, где сохранились древние географические термины, формы слов, многие из которых уже не употребляются в современном языке.

Тюркская топонимия, являясь частью топонимической системы тюркоязычных народов, показывает не только историю формирования тюркских языков, но и историю расселения нынешних тюркских народов. Тюркские топонимы, указывающие на местожительство тюрков или присоединение тюркского субстрата к топониму - «туркхо», «узбакхо», «кальгхо//карлукхо», «кипчок» образуют этнотопонимы отображающие этнические и племенные особенности народа: *Яврози Карлукхо (таджикоязычное), Тангаши Турк(х)о (тюркоязычное), Дараи Узбако // Турко (нежилое село), Чашмаи Турко (источник), Дашти Кипчок.*

Список использованных источников

1. Камалов А.А. Очерки топонимики. – Уфа, 1997, 207 с.
2. Никонов В. Закон ряда в географических названиях // Onomastica.6 – Wractow-Krakow, 1958.
3. Кашгари. М. Древнетюркский словарь. – Ленинград, 1969, 670с.
4. Гумилев Л.Н. Древни тюрки. – Москва: Наука, 1967. 90-91с.
5. Гарипов Г.М. О древних кыпчакских именах в антропонимии башкир // Ономастика Поволжья. – Уфа, 1943, вып 3.
6. Махпиров В.У. Имена далеких предков. – Алматы, 1997, 302 с.

УДК [811.512.161:811.512.122]`362

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ «КӨЗ» АТАУЫМЕН ЖАСАЛҒАН ТҮРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚАРАСТЫРУ

Әшім Аяжан

aaya_zhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультеті түркітану кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Жиёмбаева Г.Т.

Фразеология тіл білімінің жеке саласы ретінде XX ғасырдың 40-жылдары Кеңес тіл білімінде қалыптаса бастаған. Оның теориялық негіздері XIX ғасырмен XX ғасырбасында орыс ғалымдары А.А.Потебня, И.И.Срезневский, А.А.Шахматов, Ф.Ф.Фортунатов т.б. еңбектерінде салынған. Фразеологияның сол кезде дамуына француз ғалымы Ш.Балли еңбектері елеулі ықпал жасады. Фразеологияның негізгі ұғымдары, құрылымы, міндеттері XX ғасырдың 40-50-жылдарында В.В.Виноградов еңбектерінде анықталып, орыс тілінің фразеологизмдері семантикалық жағынан алғаш рет топтастырылды. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің арнайы зерттелуі XX ғасырдың 40-жылдарында І.Кеңесбаев еңбектерінен басталады. І.Кеңесбаев қазақ тіл білімінде фразеологияның негізін салды [1,218].

Фразеологизмді тілдің өзге бірліктерінен ерекшелейтін әмбебап қасиеттерінің негізінде белгілі бір жүйеге ұйымдасқан тіл бірліктері – ол, тұрақты сөз тіркестері. Осыдан тілдегі фразеологизм ұғымының анықтамасы ең алдымен тіл бірлігі ретіндегі қайта жасалатын сөз тіркестерінің анықтамасымен тығыз байланысты болады [2,161]. Фразеологизмдер, оның ішінде соматизмдер арқылы тілдегі сөзжасам негізінде сөздік қорды ұлғайту процесі жүзеге асады.

Адамның дене мүшелерін атайтын сөздерді соматикалық лексемалар (соматизмдер) деп

атаймыз. Соматизмдер (ежелгі грек т. «сома»-«дене»)универсалды болса да, әр лингвомәдениеттік қоғамда әртүрлі мәдени мағыналарды білдіруі мүмкін, шығу төркіні мен типологиясына тәуелсіз барлық тілдерге тән бола отырып, ұлттық қабылдаудың өзгешелігін білдіре алады, тілдегі жиі қолданысымен, көпмағыналылығымен,сөзжасамдық мүмкіндігінің жоғарлылығымен және фразеологизмдерді жасауда ұйытқы сөз ретінде жиі жұмсалып, халықтың осы адам денесі атауларымен байланысты құндылықтық бағдарларын, түсініктерін сипаттайды.Соматизм терминіне анығырақ тоқталсақ, оған «дене мүшесі» мағынасындағы лексика-фразеологиялық өрістің бірлігі деген анықтама бере аламыз. Алғаш бұл терминді лингвистика іліміне енгізген – эстон тілінің зерттеушісі Ф. Вакк. Эстон тілінің фразеологиялық бірліктерін зерттей отырып, дене бөліктерінің атаулары, яғни «соматизм –ен көне фразеологиялық қабаттардың бірі» деген тұжырымға келді. «фразеологиялық соматизм» терминін алғаш рет Е.М.Мордкович өзінің «Соматикалық фразеологизмдердің семантикалық-тематикалық топтары» атты мақаласында қолданған [3,1]. Қазақ тілді терминологиялық сөздіктерде бұл термин еңбеген, кейінгі жылдары ғана бұл жаңа термин ретінде қолданылу үстінде.

Ғалым А.М.Эмированың пікірінше: «Само человеческое тело является наиболее доступным и изученным объектом наблюдения человека с первых его жизненных шагов. Свою ориентацию в пространстве, свою оценку окружающего человека (удобнее) соотносить прежде всего с частями своего тела» [5,3]. Соматизмдер фразеологизмдердің ішінде семантикалық жағынан ерек байқалып,түп қазық есебі ретінде қызмет атқарады. Олар «ұйытқы сөздер» есебінде фразеологиялық бірліктерде қайталанып отырады. Мәселен, тіл, жүрек, табан, көз, қол, ауыз, бас, т.с.с. Біздің қарастырып отырған өзекті мәселеміз – көз атауымен байланысты тіркестер. Мысалы: бұл кісінің көзі ашылмады; көз болды; көз сал; көрінгенге көз сүзген, балаға біреудің көзі тиген болар, көз шырымын алайық, оның көзі ілініп кетті, көздің құрты; көзге шыққан сүйелдей; көзден бір-бір ұшты (көзден бұлбұл ұшты); көзі жетпеді, көзіне шөп салды [4,81].

«Көз» атауымен жасалынған фразеологизмдер қазақ және түрік тілінде ұқсас және түрлі мағыналарға ие. Қазақ тілінде көз сөзінің 54 мағынасы бар. Солардың көбі жағымды бағдарға ие. С.Кенесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» осы сөздің келесі мағыналары тіркелген:

Көз: 1. Көру мүшесі. 2. Ою-өрнек (көзі ауыспалы). 3. Көзі тұр (бір нәрсенің өзі). 4. Әкемнің көзі (өткеннен қалған). 5. Қартоп көзі, картоптің бүртік кіндігі. 6. Керегенің көздері (тесік). 7. Заттың қайдан алынатын көзін білу (алынатын орын). 8. Көз суы (қайнар). 9. Адырақ көз (үлкен). 10. Айнам көз (сұлу). 11. Ақ көз (қатыгез). 12. Ала көз (қас, қаскүнем). 13. Ала көзбен қарау (қатты жақтырмау). 14. Бармақ басты, көз қысты (қулық айласы). 15. Бота көз (үлкен). 16. Екі көзі төрт болу (сарғая күту). 17. Көне көз (көп білетін). 18. Ел көзі (пікір). 19. Есік көзі (есіктің алды). 20. Жаудыр көз (сұлу). 21. Жаутаң көз (үміт артушы). 22. Жүзіктің көзінен өткендей (әсем, көрікті). 23. Жалын көз (міз бақпайтын). 24. Көз айырмайды (ұзақ қарау).

Ал, Түрік тілі қоғамы тарапынан 2009 жылы жарияланған «Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде» көздің мынадай мағыналарына тоқталынған:

Göz:1.Анатомиялық көру органы(göz - görme organı). 2. Кейбір тұрақты сөз тіркестерінде көру және қарау(gözden geçirmek, gözden kaybolmak, göz önünde, gözü keskin). 3. Жақсы не жаман қасиеттер, қалау не сезімді білдіретін көзқарас ретінде (Hilekâr gözlerle baktı). 4. Көзқарас(Bu sefer alacaklı gözüyle baktım). 5. Судың топырақтағы бастауы – бұлақ көзі ("Asıl felaket bu pınara sırt çevirmek, bu pınarın gözlerine taş tıkamak değil de ne olurdu?" - T.Buğra). 6. Тесік, кеңістік (İğnenin gözü (иненің көзі) "Köprünün gözleri karış karış kazılmıştır." - S.F.Abasıyanık). 7. Тартпа (masanın gözleri). 8. Таразы көрсеткіші (terazi kefesі). 9. Қызғанышпен не масаттана қараған кезде бір нәрсеге жамандық болу, көз тию мағынасында ("İnsanı gözle yiyip bitirirler." - Ö.Seyfettin). 10. Махаббат, көңіл, назар байланысы (Gözden düşmek(көңілін қалдыру). Göze girmek(жақсы жақтарымен, жағымды қылықтарымен көзге түсу). 11.Ағаштың бүршік жарған орны (göz aşısı). 12. Бөлім, үй. 13. Жараның аузы. 14. Көз

ашпау(göz açamamak - жұмыстан қолы тимеу). 15. Көзді ашып жұмғанша(Göz ашır карауıncaа kadar – тез, лезде, қысқа бір уақыт аралығында). 16. Көз аштыртпау, бас алдыртпау (Göz ашtırmamak). 17. Көзге түсу, тым қатты көріну (göze batmak). 18. Ешқандай мән бермеу (gözden gönülden çıkarmak). 19. Анық, барлығының көз алдында (göz göre göre). 20. Құттықтау (göz aydın etmek). 21. Көз ілмеу, ұйықтамау (göz kırmamak). 22. Бас көз болу (göz kulak olmak) [6, 786-793 б.].

Қазақ және түрік тіліндегі «көз» атауымен жасалынған тіркестерді мағыналарын ажыратып, семантикалық жағынан қарастырсақ:

Түрік және қазақ тіліндегі «көз» атауымен жасалынған тіркестердің кейбірін салыстырсақ:

Göz açamamak (Көз аша алмады): Жұмыстан бас ала алмау, қолы тимеу.

Göz ашır карауıncaа kadar (Көзді ашып жұмғанша): Өте қысқа бір уақытта

Көзді ашып-жұмғанша: лездің арасында, қас пен көздің арасында, әп-сәтте

Göz ашtırmamak (Көз аштыртпау): Vakit ve fırsat vermemek(Баşka bir іш уарmasına).

Көз ашқызбады (аштырмады): 1. Бет қаратпады (суықтан). 2.Мазасын алды, дамыл бермеді, күн көрсетпеді.

Göz alıcı (Көз алатындай): Әдемілігімен өзіне назар аударту, тарту.

Göz almak (Көз алу): Көздің жауын алу.

Көзді алды, көздің жауын алды: 1. Өзіне еріксіз қаратты, қызықтырды; телміртіп, көздің майын құртты. 2. Қызықтырды, сүйкімді көрінді.

Göz atmak (Көз тастау): Kısaca bakıvermek.

Көз салды (Тастады): қарады, көзін тікті; көңілі бөлінді.

Байқағанымыздай, жоғарыда алынған тіркестердің мағыналары бір-бірінен алшақ тұрмайды. Яғни, мұнда да біз кей ұқсастықтардың орын алатындығын аңғардық.

Жиналған мәліметтерді талдай отырып екі тілдегі фразеологиялық бірліктердің құрылымдық-семантикалық мағынасына қатысты тіркестердің келесі бір түрлерін ажыратуға болады:

1) Мағынасы және лексикалық құрылымы бойынша сәйкес келетін тіркестер:gözü doymaz (сараң), gözünün bebeği gibi koğumak(көзінің қарашығындай сақтау);

2) Мағынасы бір, бірақ лексикалық құрылымы аса сәйкес келмейтін тіркестер: gözü arkada kalmak (мазасыздану, жаны тынышталмау), gözünden ateş çıktı(қатты ашылану, долдану);

3) Лексикалық құрылымы бойынша бірдей, бірақ мағыналары бөлек тіркестер: göz almak (көзінің жауын алу, құмарландыру, сүйсіндіру), gözü karatmak(ашу кернеп кету, құтырып кету);

Сонымен қатар, барлық мәліметтерге сүйене отырып фразеологиялық бірліктің келесі бір функционалдық-семантикалық түрлерін де ажыратуға болады:

1) Адамның психико-эмоционалдық қалпын білдіретін тіркестер: а) ашу-ыза: gözünü kan бүгүmek (көзі қанға толу); ә) сараңдылық: gözleri toprak doyurmak; б)

қызғаныш, көре алмаушылық: gözleri toprakla doymamak;в) таңырқау: gözleri dört ашmak;

2) Адамның физиологиялық қабілеттері мен қалпін білдіретін тіркестер: а) көздің көру қабілеті: göz etmek; ә) ұйқы, ұйқыдан тұру: gözlerini uyku tutmamak (көз ілмеу); б) жылау:gözü sulu; в) ауыру, қайтыс болу: gözü arkada gitmek;

3) Адамдар арасындағы қатынастар: а) алдау: göz boyamak; ә) оңашада: göz göze (көзбе көз);

4) Әрекеттің аспектуалды сипаттамасы: а) тез, жылдам: gözü ашır карауınca (көзді ашып жұмғанша); ә) лезде, білдіртпей: gözünün kuууууyle bakmak (көзінің ұшымен қарау);

Сонымен, «көз» лингвокультуремаларының құндылықтық бағдарлары әртүрлі екендігіне көзіміз жетіп отыр.Фразеологиялық соматизмдердегі ұлттық және мәдени өзгешеліктер, біріншіден, адамның бейнесін әр түрлі әлемнің тілдік суретінде қабылданудың өзгешілігіненбайқалады;екіншіден, адамның «соматикалық картасын» оқу тактикасымен

байланыстырады.

Қазақ және түрік фразеологиясында тұрақты тіркестердің басым көпшілігі бабалар қалдырған ұлттық рухани мұра. Алайда фразеологиялық қор бір қалыпта қалып қоймаған, тілге жаңа тіркестер енген сайын ол фразеологизацияланып, тілдік қолданыста ұдайы айтылып жүреді. Қоғам дамуына сай әлеуметтік көзқарастар да өзгеріп, тіл ұғымында жаңа тіркестермен толықтырылып отырады. Ұлттық-өзіндік қабылдау өзгешелігімен айрықшаланатын фразеологиялық бірліктердің құрамындағы соматизмдер сан қырлы.

Қолданылған әдебиет

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, 264 б.
2. Кеңесбаев І., Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс баспасы, 2008, 608 б.
3. Yerzhumanova I., Parts of body in phraseological units of Kazakh and English languages: level of expressiveness of their usage.
4. Кеңесбаев І., Қазақ тіл білімінің антологиясы. Қазақ тілі білімі туралы зерттеулер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010, 132 б.
5. Букулова М.Г., Соматическая фразеология тюркских языков. Диссертация. – Москва, 2006, 335 с.
6. Türkçe sözlük. – Ankara: Türk dil kurumu, 1932, 2244 s.

УДК 811.512

ЭПОХА ВОЗРОЖДЕНИЯ ТЮРКСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Бекжанова Акбота Абылкасымқызы

botakan_bekzhanova@mail.ru

Магистрант 2 курса кафедры тюркологии факультета Международных отношений

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Куанышбаев Ержан Айтуович

*Кумир по-тюркски говорит, его не понял я пока,
Но я в плену у тюркских глаз и у чужого языка.
Сладкоречивым я прослыл, но устыжен тобою был.
Смутясь, я понял: речь моя от совершенства далека.
Джами*

В течение веков, начиная с X века, персидский язык был основным литературным языком для многих народов Средней Азии и Ирана. Как литературным языком им пользовались также и народы тюркоязычные, хотя параллельно они делали попытки создавать литературу и на своем родном языке. Однако движение это почти не получало поддержки в правящих кругах, и потому развитие литературы на родном языке шло крайне медленно. Усиливаясь оно начинает только к XV веку, когда некоторые поэты, особенно в Хорезме, пытаются использовать выработанную персидской литературой технику и для своего родного языка. Отказываясь от народных форм, они вводят в тюркскую поэзию персидские квантитативные меры, усваивают ее фигуры и все более и более осложняют язык, вводя в него большое число арабских и персидских слов. Это движение особенно усилилось с приходом к власти Тимуридов. В эпоху Тимуридов славились своим литературным творчеством такие поэты как Саккаки, Атаи, Лутфи, Султан Хусейн Байкара и конечно же Алишер Навои наиболее выдающийся тюркоязычный поэт, вклад которого в восточную литературу трудно переоценить.